

2012 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейінгі кезеңде азаматтарды шақыру участесінде тіркеу жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласының әкімінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 27 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 желтоқсанда № 3-1-163 тіркелді. Орындалу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімі аппаратының басшысының 2012 жылғы 2 қазандағы № 05-11/3024 хатымен

Ескерту. Орындалу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімі аппаратының басшысының 2012.10.02 № 05-11/3024 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы» Занының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасындағы әскери міндептілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасының 2001 жылды 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабын орындау үшін қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. 2012 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейінгі кезеңде «Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шақыру участесінде тіркеу жылды 17 жасқа толатын 1995 жылды туған ерекк жынысты азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтөбе қаласының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

Тіркеу өткізу шараларын орындауға байланысты шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылсын.

2 . Ұ с и н ы л с ы н :

1) Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркеу өткізу бойынша іс-шаралар жүргізсін;

2) Ақтөбе қалалық ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) әскери міндептерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге а с ы р с ы н .

3. Селолық округтер әкімдері тіркеуді өткізу мерзімінде әскер жасына дейінгілерді хабарлауды ұйымдастырысын және олардың «Ақтөбе қаласының

қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шақыру участкесіне уақытында келуін қамтамасыз етсін.

4. «Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы азаматтардың шақыру участкесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуі қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын. Тіркеу қортындысы туралы 2012 жылдың 11 сәуірінде қала әкіміне хабарласын.

5. Қала әкімінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 17 «1994 жылы туған азаматтарды «Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шақыру участкесінде тіркеуді өткізу туралы» шешімінің (2010 жылғы 13 желтоқсандағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3-1-146 болып тіркелген, 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 153 «Актюбинский вестник» газетінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.М. Қалдығұловаға және «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Ж. Сәрсенбіновке жүктелсін.

7. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

H. Әбдібеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК